

Пән: 2450 Криминалистика бойынша
6B04205 Құқықтану, күндізгі, 4 Курс (Күзгі)
6B04205 Құқықтану, күндізгі, 3 Курс (Күзгі)
6B04205 Құқықтану, күндізгі, 3 Курс (Күзгі)
6B12301 Құқық қорғау қызметі, күндізгі, 4 Курс (Күзгі)
6B12301 Құқық қорғау қызметі, күндізгі, 3 Курс (Күзгі)
6B12301 Құқық қорғау қызметі, күндізгі, 3 Курс (Күзгі)
білім беру бағдарламасы
күзгі семестр
СОӨЖ,СӨЖ орындау мен тапсырмаларды тапсыру кестесі.
СОӨЖ,СӨЖ тапсырмаларын орындау нұсқаулығы

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған студенттердің жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсуіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шеңберінде СӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі студенттердің өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті хұзыреттерге ие болуы қажет.

СӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабақ барысында алған білімді бекіту, терендету, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу материалын дербес түрде меңгеру; кәсіби машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заңи әдебиетке, тәжірибелік заңи қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

СӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми студенттік үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуды білдіретін, студенттердің оқу- зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары (студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары - СОЗЖ және студенттердің және ғылыми-зерттеу жұмыстары - СҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу.

Үй жұмысы тәжірибелік және семинар сабақтарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді. Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машығын дамыту, жұмыстың әдістері мен құралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы аудиториялық сабақтарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жаңа материалды меңгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі;

Рефераттарды дайындау – СӨЖ ұйымдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат– бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болмасын проблеманың жай-күйін ашу.

Рефератты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машыты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот-тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру.

Студенттер оларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болмасын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша дипломдық жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болап қарастырылуы мүмкін.

Реферат көлемі машиналық мәтіннің 15-20 беттік түрі ретінде бола алады. Рефераттың әдеттегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

Негізгі оқу курсы бойынша сындарлы шолу (салыстырмалы талдау) жасалынатын және уақыттың тарлығына байланысты негізгі бағдарламамен қамтылмай қалған проблемалық байланысты тақырыптар беріледі. Нақтырақ айтқанда, негізгі курсқа байланысты оларды үш топқа бөлуге болады: а) негізгі курста қысқаша қамтылған тақырыпты тереңірек ашу мақсатында; б) міндетті курста мүлдем қамтылмаған тақырыптар; в) студенттердің өзіндік жұмысына қатысты емес міндетті курста қарастырылатын тақырыптар.

Өзіндік жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс компьютерде терілуі қажет. Мәтінде курсы, пәні, автордың ТЕӨ, жұмыстың атауы көрсетілуі тиіс. Егер жұмыс аударма болса сол материалдың библиографиялық нақты мәліметтері

берілуі қажет. Сонымен қатар аудармаға кәсіби терминдердің сөздігі қоса берілуі тиіс. егер де жұмыс аударма болмаса оның мазмұны беріледі. Жұмыстың соңғы бетінде міндетті түрде падаланылған әдебиеттердің нөмірленген тізімі міндетті түрде көрсетіледі. Мәтінде осы тізімдегі жұмыстың нөмірлері міндетті түрде тікелей жақшамен тиісті жерлері көрсетіліп тұруы тиіс.

Презентация түрінде жіне ауызша ситуациялық жағдаяттарды шешу арқылы қорытынды жүргізіледі. Padlet, MIRO, Jambord, ZOOM тақталары қолданылады.

Өзіндік жұмыстарға дайындық және оны жазу

Тақырыпты таңдау. Жоғарыда айтылған бағыттар бойынша тақырыпты алдын ала таңдауды студенттің өзі жүзеге асырады. Тақырыпты нақтылау, оқытушымен кеңесу арқылы жүргізіледі және жоспар жасалып, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі нақтылана түседі. Туындаған кез келген сұрақтарға байланысты студент оқытушыдан жауап ала алады. Қажетті жағдайларда консультациялар тағайындалады. Сессияға екі апта қалғанға дейін жұмыс оқытушыға тапсырылады. Өзіндік жұмысты қорғауға сессия кезінде рұқсат беріледі.

Өзіндік жұмысты бағалау критерилері

Оқытушы әр студенттен жұмысты қабылдауда ауызша сұрақтар қояды. Студент жұмыстың мәтініне байланысты оқытушының қойған сауалына жауап беруі тиіс. Жауап беру барысында мәтіндегі бейнеленген материалды игергендігін (өзі жазғандығын, аударғандығын, көшіріп алғандығын) көрсетуі қажет. Жұмысты бағалауда мәтіннің жазбаша нұсқасын және студенттің өзіндік жұмысты жазудағы жаңашылдығын және түпнұсқалығын, берілген қорытындылар және нұсқаулардың негізділігін ескеруі тиіс.

СӨЖ арналған тапсырма

СӨЖ № 1

Тақырыбы: Сот фотографиясы. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.

Тапсырма: Сот фотографиясының әдістерін пайдаланып оқиға болған жерді панорамалық, масштабты әдістер арқылы бағдарлы, шолып, түйінді және детальды фотосуретке түсіру.

Тұлғаны сигналетикалық әдіспен түсіру. Фотосуреттерді басып шығару.

Тапсырманың сипаттамасы: Криминалистикалық полигонда алдын-ала ойластырылған фабула бойынша оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетінің барысын фотоаппарат пен бейне жазбаға бекітіп алу. Суретке түсіру кезінде криминалистикалық фотосуреттің барлық жалпы және жеке әдістері қолданулары қажет. Студентке криминалист-маман ролінде кәсіби дағдыны жүзеге асыру міндеті жүктелген.

Дайын фотосуреттерді оқиға болған жерді қарау хаттамасына қосымша ретінде альбомға бекіту. Тұлғалық-бағдарлық

Тапсыру формасы: Альбом

Орындау мерзімі: 4 апта

Бағалануы: әр студентке 25 балл

СӨЖ № 2

Тақырыбы: Криминалистикалық техника.

Тапсырма: Криминалистикалық техника бойынша сабақтарда жүргізілген тапсырмалардың нәтижесін бекіту.

Тапсыру формасы: Альбом

Орындау мерзімі: 7 апта

Бағалануы: әр студентке 25 балл

СӨЖ № 3

Тақырыбы: Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері.

Тапсырма: Тактикалық әдіс. Тактикалық комбинация. Тактикалық операция. Тергеу ситуациясы. Тактикалық шешім. Тұлғалық-бағдарлық.

Тапсыру формасы: Реферат.

Орындау мерзімі: 12 апта

Бағалануы: әр студентке 25 балл

СӨЖ № 4

Тақырыбы: Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері бойынша тергеу

Тапсырма: Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің криминалистикалық сипаттамасы, типтік тергеу ситуациясы, алғашқы және кейінгі тергеу әрекеттері.

Тапсыру формасы: Презентация

Орындау мерзімі: 15 апта

Бағалануы: әр студентке 25 бал

СОӨЖ дайындалу үшін материалдарды зерделеу кестесі

№	Тақырыптардың атауы және СОӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны
1.	1-СМӨЖ. Криминалистикалық техника бойынша альбом дайындау технологиясымен студенттерді таныстыру және нұсқаулықтар беру.	2 апта	Ауызша
2.	2-СМӨЖ. Криминалистикада қолданылатын техникалық құрал-жабдықтар.	5 апта	Ауызша
3.	3-СОӨЖ. Криминалистикалық техниканың дәстүрлі емес бағыттары: Заттар, бұйымдар мен материалдарды криминалистикалық зерттеу. Криминалистикалық одорология. Фоноскопия, Бейнефонографиялық зерттеу. (ТДМ-16 Сот әділдігін жоғары негізде басшылыққа алу). Тұлғалық-бағдарлық.	6 апта	Ауызша
4.	4-СОӨЖ. Криминалистикалық болжаулар және тергеуді жоспарлау	9 апта	Ауызша
5.	5-СОӨЖ. Жасырын тергеу рекеттерінің тактикасы. Салыстырмалы үлгілерді алу тактикасы.	11 апта	Ауызша
6.	6 СОӨЖ. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі: криминалистикалық сипаттамасы, типтік тергеу ситуациясы, алғашқы және кейінгі тергеу әрекеттері.	13 апта	Ауызша